

"2009 жылға арналған қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыратын Қарағанды қаласы кәсіпорындарының, ұйымдарының, мекемелерінің тізбесін бекіту туралы" Қарағанды қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 14 қаңтардағы N 02/01 қаулысына өзгерту енгізу туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Қарағанды қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 14 қазандағы N 51/06 қаулысы. Қарағанды облысы Қарағанды қаласының Әділет басқармасында 2009 жылғы 26 қарашада N 8-1-101 тіркелді. Қабылданған мерзімі біткеніне байланысты күші жойылды (Қарағанды қаласы әкімінің орынбасарының 2011 жылғы 28 сәуірдегі N 3-4/1329 хатымен)

Ескерту. Қабылданған мерзімі біткеніне байланысты күші жойылды (Қарағанды қаласы әкімінің орынбасарының 2011.04.28 № 3-4/1329 хатымен).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 20 бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" N 836 қаулысымен бекітілген "Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру мен қаржыландырудың ережесіне" және IV шақырылған Қарағанды қалалық мәслихатының кезектен тыс XXIV сессиясының 2009 жылғы 9 қыркүйектегі "Қарағанды қалалық мәслихатының 2008 жылғы 24 желтоқсандағы XVI сессиясының "Қарағанды қаласының 2009 жылға арналған бюджеті туралы" N 171 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" N 255 шешіміне сәйкес (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 8-1-99 болып тіркелген, 2009 жылғы 21 қыркүйектегі N 099 (563) "Взгляд на события" газетінде жарияланған), қосымша қаражаттың бөлінуіне байланысты, Қарағанды қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "2009 жылға арналған қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыратын Қарағанды қаласы кәсіпорындарының, ұйымдарының, мекемелерінің тізбесін бекіту туралы" Қарағанды қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 14 қаңтардағы N 02/01 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 8-1-87 болып тіркелген, 2009 жылғы 14 ақпандағы N 17 (20724) "Индустриальная Караганда" және 2009 жылғы 14 ақпандағы N 22-23 (20608) "Орталық Қазақстан" газеттерінде жарияланған), "2009 жылға арналған қоғамдық жұмыстарды

ұйымдастыратын Қарағанды қаласы кәсіпорындарының, ұйымдарының, мекемелерінің тізбесін бекіту туралы" Қарағанды қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 14 қаңтардағы N 02/01 қаулысына өзгерту мен толықтырулар енгізу туралы" Қарағанды қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 18 наурыздағы N 12/02 қаулысымен, (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіміне N 8-1-90 болып тіркелген, 2009 жылғы 28 наурыздағы N 33 (20740) "Индустриальная Караганда" және 2009 жылғы 28 наурыздағы N 44-45 (20630) "Орталық Қазақстан" газеттерінде жарияланған), "2009 жылға арналған қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыратын Қарағанды қаласы кәсіпорындарының, ұйымдарының, мекемелерінің тізбесін бекіту туралы" Қарағанды қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 14 қаңтардағы N 02/01 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қарағанды қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 28 мамырдағы N 24/04 қаулысымен өзгерту мен толықтырулар енгізілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіміне N 8-1-94 болып тіркелген, 2009 жылғы 23 маусымдағы N 71 (20778) "Индустриальная Караганда" және 2009 жылғы 23 маусымдағы N 93 (20677) " Орталық Қазақстан" газеттерінде жарияланған) келесі өзгерту енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қарағанды қаласы әкімінің орынбасары Жанат Маратұлы Ысқақовқа жүктелсін.

3. Осы қаулы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2009 жылдың 1 қазаннан бастап пайда болған қатынастарға қолданылады.

Қала әкімі *И. Тоғайбаев*
 Қарағанды қаласы әкімдігінің
 2009 жылғы 14 қазандағы
 N 51/06 қаулысына қосымша

2009 жылға арналған қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыратын Қарағанды қаласы кәсіпорындарының, ұйымдарының, мекемелерінің тізбесі

N p/c	Мекемелердің атауы	Адам саны	Жұмыс түрлері	Қаржыландыру көзі	Жұмыс кө теңге
1	"Қалалық коммуналдық шаруашылық" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	120	Қаланы көркейту және көгалдандыру	Қарағанды қаласының бюджеті	6566619
2	"Мәдениет және демалыс бақтарының басқармасы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	115	Көркейту, көгалдандыру, аймақтарды тазалау	Қарағанды қаласының бюджеті	6309820
3	"Қалалық жарық" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	15	Жарық беру желілерін күтіп ұстау бойынша жұмыс	Қарағанды қаласының бюджеті	808200

4	"Көркейту" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорыны	73	Қаланы көркейту	Қарағанды қаласының бюджеті	3933240
5	Октябрь ауданы әкімінің аппараты	150	Парктерде, саяжайларда, бос жерлерде санитарлық тазалық сақтау, тұрғын үйлердің техникалық жағдайын тексеру, лифт шаруашылығын түгендеу, газ тарату қондырғыларын тексеру	Қарағанды қаласының бюджеті	8230200
6	Қазыбек би атындағы аудан әкімінің аппараты	150	Парктерде, саяжайларда, бос жерлерде санитарлық тазалық сақтау, тұрғын үйлердің техникалық жағдайын тексеру, лифт шаруашылығын жөнге келтіру, газ тарату қондырғыларын тексеру және аудандарды жарықпен безендіру қондырғыларын тексеру	Қарағанды қаласының бюджеті	8230200
7	Қарағанды қаласы әкімінің аппараты	55	Мұрағатқа тапсырылатын құжаттарды өңдеу, құжаттарды көбейту және тарату	Қарағанды қаласының бюджеті	3009796
8	Қарағанды қаласы Қазыбек би атындағы ауданы бойынша салық басқармасы	45	Тұрғындармен жұмыс, көлікке және мүлікке салық төлеу түбіртектерін және хабарламаларын тарату	Қарағанды қаласының бюджеті	2424600
9	Қарағанды қаласы Октябрь ауданы бойынша салық басқармасы	45	Тұрғындармен жұмыс, көлікке және мүлікке салық төлеу түбіртектерін және хабарламаларын тарату	Қарағанды қаласының бюджеті	2424600
10	"Шахтер" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	155	Тұрғылықты жері бойынша аула клубтарында жасөспірімдермен және жастармен жұмыс, бекітілген аумақты тазалау	Қарағанды қаласының бюджеті	8504540
11	"Қарағанды қаласы Қазыбек би атындағы ауданның қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесі	35	Қарулы күштер қатарына шақыру бойынша тұрғындармен жұмыс, шақыру қағазын жеткізу	Қарағанды қаласының бюджеті	1885800
12	"Қарағанды қаласы Октябрь ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесі	35	Қарулы күштер қатарына шақыру бойынша тұрғындармен жұмыс, шақыру қағазын жеткізу	Қарағанды қаласының бюджеті	1885800
13	Қарағанды қаласының әділет басқармасы	35	Әділет органдарында құжаттарды өңдеу жұмысы (халыққа қызмет көрсету орталықтарында)	Қарағанды қаласының бюджеті	1885800
14	"Қарағанды қаласының тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі	21	Жолаушылар мен такси жүгін тасымалдау шарттарын жасасу және тұрғын үй алуға кезекке қою бойынша құжаттарды өңдеу	Қарағанды қаласының бюджеті	1152228

15	"Қарағанды қаласының ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесі	15	Жергілікті ақпарат құралдарын контент-талдау, жастар ұйымдары мен ұлттық-мәдени орталықтардың мәліметтер базасын жаңарту	Қарағанды қаласының бюджеті	808200
16	"Қарағанды қаласының сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі	15	Электрондық база жүргізу, құжаттарды өңдеу жұмыстары	Қарағанды қаласының бюджеті	808200
17	"Қарағанды қаласының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі	20	Тізілімдер мен хабарландыру хаттарды дайындау жұмысы, мұрағатқа тапсырылатын құжаттарды өңдеу	Қарағанды қаласының бюджеті	1077600
18	Қарағанды облысының ішкі істер Департаменті	144	Видео бақылау жүйесіндегі жедел басқару Орталығында жұмыс жасау	Қарағанды қаласының бюджеті	7758720
19	Қарағанды қаласының ішкі істер Басқармасы	306	Құжаттарды өңдеу жұмысы, шақыру қағаздары мен хаттарды жеткізу, құжаттардың санын толтыру мен тарату	Қарағанды қаласының бюджеті	16487280
20	"Қарағанды қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі	80	Әлеуметтік төлемдер алуға құқығы бар азаматтарды анықтау мақсатында аула аралау, қаланың әлеуметтік картасын нақтылау, құжаттарды өңдеу	Қарағанды қаласының бюджеті	4310400
21	Қазыбек би атындағы ауданның үйде әлеуметтік көмек көрсету бөлімше	20	Аула аралау, әлеуметтік картаны нақтылау, тексеру актілерін құру, аудан бойынша жалғызбасты қарт адамдарды анықтау	Қарағанды қаласының бюджеті	1077600
22	Октябрь ауданының үйде әлеуметтік көмек көрсету бөлімше	20	Аула аралау, әлеуметтік картаны нақтылау, тексеру актілерін құру, аудан бойынша жалғызбасты қарт адамдарды анықтау	Қарағанды қаласының бюджеті	1077600
23	"Қарағанды қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі	13	"Мекенжай тіркелімі" дерекқорындағы мекенжайлық ақпаратты нақты бар ақпаратпен салыстырмалы түрде тексеру	Қарағанды қаласының бюджеті	700440
24	"Қарағанды қаласы қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі	12	Коммуналдық меншік объектілерін түгендеу жұмыстары, мұрағатқа өткізілетін құжаттарды өңдеу	Қарағанды қаласының бюджеті	658416
25	Қарағанды облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	18	Дағдарысқа қарсы шараларды жүзеге асыруға бағытталған жұмыссыздықтың санын өсірмеуге байланысты құжаттарды өңдеу	Қарағанды қаласының бюджеті	969840
26	"Қарағанды қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылық бөлімі" мемлекеттік мекемесі	32	Дағдарысқа қарсы бағдарламаларды орындауға байланысты құжаттарды өңдеу, ветеринарлық және ауыл шаруашылық қайта өңдеу объектілерімен жұмыс	Қарағанды қаласының бюджеті	1724160

27	Қарағанды мемлекеттік хайуанаттар бағы	10	Көркейту, аймақтарды тазалау	Қарағанды қаласының бюджеті	538800
28	"Қарағанды қаласының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі	22	Көркейту, көгалдандыру	Қарағанды қаласының бюджеті	1233533
29	"Қазақавтожол" Республикалық мемлекеттік кәсіпорны Қарағанды облыстық филиалы	42	Автомобиль жолдарын көгалдандыру және күтіп ұстау	Қарағанды қаласының бюджеті	2305768
	Барлығы	1818			98788000

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ